

Дәлелдеу мен
дәлелдемелер

- Соттық дәлелдеу - бұл істің мән- жайларын соттық дәлелдемелер арқылы анықтау бойынша процеске қатысушылардың қызметі. Өзгеше айтар болсақ - бұл талаптардың және өзгеде қатысушылардың дәлелдемелерді табыс етуге, жинауға және оларды зеріттеуге әрекеті.
- Ал соттық дәлелдемелер - азаматтық іс бойынша тараптардың талаптармен қарсы пікірлерін дәлелдейтін мән-жайлардың бар-жоғын анықтағанда сот негізге алатын нақтылы деректер және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайлар, яғни іс бойынша нақты деректерді анықтау үшін, сотпен қолданылатын тәсілдерді анықтау үшін сотпен қолданылатын тәсілдер. Заңмен көзделген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар не жоғын, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзгеде маңызы бар мән-жайларды солардың негізінде анықтайтын заңды түрде алынған нақты деректер іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.
- Түпнұсқа жазбаша дәлелдемелер, сондай-ақ істегі жеке хаттар оларды табыс еткен тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оларға қайтарылуы мүмкін. Бұл орайда істі жазбаша дәлелдемелердің судья куәландырған көшірмесі қалады.
- Жазбаша дәлелдемелер соттың шешімі заңды енгенге дейін, егер сот мүмкін деп тапса, оларды табыс еткен тұлғаларға қайтарылуы мүмкін. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқада тұлғалар береді.
- Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды тараптардың іске қатысушы басқа да тұлғалардың талаптарымен қарсылықтарының негізінде, материалдық және іс жүргізу құқығының қолдануға тиіс нормаларын ескере отырып, сот анықтайды.

Сотта қараудың мақсаты- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Соттың зерттеуі жанама түрде- куәлардың көрсетулері, құжаттарды зерттеу және с.с. жанама зерттеулер арқылы жүзеге асырылады.



Сотта дәлелдеу- соттың жанама анықтау қызметі



Дәлелдеу нысанасы- істі шешу үшін сот анықтауы тиіс деректердің жиынтығы.



Сот дәлелдемедері



Сотта дәлелдеу

- Дәлелдеуден босатылған мән-жайлар (ҚР АІЖК 71-бабы)
- Преюдициялды- соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімі мен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және сол тұлғалар қатысатын басқа азаматтық істерді қарау кезінде қайтадан дәлелденбейді; соттың қылмыстық іс бойынша енген талапты қанағаттандыру туралы үкімі болған тұлға әрекеттерінің азаматтық құқықтық салдары туралы істі қарайтын сот үшін міндетті.
- Жалпыға белгілі- көпшілікке белгілі мән-жайлар, мысалы, тарихи деректер. Жалпыға белгілілік-салыстырмалы түсінік, сондықтан сотқа әрбір нақты жағдайда қайсы бір деректі жалпыға белгілі деп тану немесе танымау құқығы берілген. Осыған байланысты сот негізді шешім қабылдауы тиіс.

ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙТЫН НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР

- Нақты деректер - заң талаптарын бұза отырып, іске қатысушы тұлғалардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды ығыстыру арқылы, немесе істі сотта қарауға әзірлеу кезінде, немесе сотта қарау барысында азаматтық іс жүргізудің өзге де ережелерін бұза отырып алынған дәлелдемелерді пайдалануға жол берілмейді. (ҚР АІЖК-нің 69-бабы)

- Күш қолдану, қорқыту, алдау заңсыз іс-әрекеттерді қолдана отырып алынған;
- Нақты азаматтық іс бойынша іс жүргізу әрекеттерін атқаруға құқығы жоқ;
- Қарсылық білдіруге жататын тұлғаның іс жүргізу әрекетіне қатысуы арқылы алынған;
- Іс жүргізу әрекеттерінің тәртібін айтарлықтай бұза отырып алынған;
- Белгісіз қайнар көзден немесе сот отырысында анықталуы мүмкін емес алынған;
- Дәлелдеу барысында қазіргі ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдана отырып алынған (олар нақты деректердің растығына әсер етсе, немесе әсер етуі мүмкін болса).

СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІ

Дәлелдемелер- заңмен көзделген тәртіпте сот тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың бар-жоғын, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін өзге де маңызы бар мән-жайларды солардың негізінде анықтатын заңды түрде алынған нақты деректер.



Сотқа қажетті деректер жайлы мәліметтер Дәлелдемелік деректер- әдеттегі тәртіппен анықталған, кейіннен сот дәлелдеу нысанасының бар екендігін дәлелдейтін заңды деректер мысалы, егер келтірілген зиянды өндіру туралы талап бойынша- зиян келтірілген орында жауапкердің болмағаны анықталса, онда оның зиян келтіруде кінәсі жоқ екендігі қорытынды жасалуы мүмкін.



Дәлелдеу құралдары- олардың көмегімен дәлелдемелердің қайнар көздерінен деректік мәліметтер алу жүргізілетін арнайы іс жүргізушілік құралдар.



Тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелері (ҚР АІЖК-ң 78-б.);
Куәнің айғақтары (ҚР АІЖК-ң 79-б.);
Жазбаша және заттай дәлелдемелер (ҚР АІЖК-ң 81, 86-бб.);
Сарапшылардың қорытындылары (ҚР АІЖК-ң 96-б.).

СОТ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРІН ЖІКТЕУ



Алыну қайнар көзі бойынша



Жеке- қайнар көздері адамдар б.т.
Заттай- қайнар көздері материалдық
құндылықтардан алынады.



Қалыптасу әдісі бойынша



Алғашқы- бірінші қайнар көздерден
алныған.
Өндірмелі- "екінші қолдардан" алынған
дәлелдемелер (мән-жайды өзі көрмеген,
бірақ басқа адамнан естіген куә).

- Қорытындылау сипаты бойынша
- Жанама- олардан дәлелдемелік деректердің бар болуы туралы болжамалы қорытынды жасау мүмкін болатын дәлелдемелер
- Тікелей- олардан дәлелдемелік деректердің бар болуы туралы нақты қорытынды жасау мүмкін болатын дәлелдемелер
- Жанама дәлелдемелерді қолданудың тәжірибеден туындаған ережесі
- Жанама дәлелдемелердің негізінде нақты қорытынды жасау үшін олар біреу емес, бірнеше болуы қажет;
- Олардың әрқайсысының нақтылығы күмән тудырмауы қажет;
- Олардың жиынтығы дәлелдеу деректері туралы бір ғана мүмкін қорытынды жасауға негіз беретін нақты жүйеден тұруы керек.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 65-бабында дәлелдеу міндеті көрсетілген. Бұл бап бойынша әр тарап өзінің талаптарын және қарсылықтарын негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Бұл қалып тараптардың дәлелдемелер ұсыну міндетін ашып көрсеткен. Кейбір авторлар қатыстылық мәселесін соттың жеке шешуі оған шетпен тыс құзырет беру деп санайды¹⁴. Меніңше 65-баптағы қалып 67-баптың тежегіш механизмі ролінде көрсетілген. Қатыстылық нормасының дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуші тағы бір ережелер 65-бапта көрініс тапқан:

- 1. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.
- 2. Істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды тараптардың және іске қатысушы басқа да тұлғалардың талаптары мен қарсылықтарының негізінде, материалдық және іс жүргізу құқығының қолдануға тиіс нормаларын ескере отырып, сот анықтайды.
- 3. Сот тараптарға және іске қатысушы басқа да тұлғаларға істі дұрыс шешу үшін қажетті қосымша дәлелдемелер табыс етуді ұсынуға құқылы.
- 4. Тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар үшін дәлелдемелерді ұсыну қисынды келтірген жағдайда, сот олардың өтініші бойынша дәлелдемелерді сұратып алдыруға жәрдемдеседі.

Жарамдық институты азаматтық іс жүргізу құқығында да қылмыстық іс жүргізу құқығында да көп зерттеліп келе жатыр. Белгілі қылмыстық процессуалист Кипнис Н.М. қылмыстық құқықтағы дәлелдемелердің жарамдылығын зерттей келе жарамдылық қасиеті төрт критерийден тұрады деген тұжырымға келген:

- ① 1. дәлелдемелер алуға байланысты процессуалдық әрекет жүргізуге құқылы субъектінің болуы;
- ② 2. жарамды фактілік дерек көзі (дәлелдеменің мазмұнын құраушы);
- ③ 3. дәлелдеме алу үшін жасалған әрекеттің процессуалдық талаптарға сай болуы (процесуалдық әрекет);
- ④ 4. дәлелдеме алу үшін қолданылған процессуалдық әрекеттің талаптарға сай болуы¹⁵.

- Дәлелдемелердің жіктелуі: тікелей және жанама; алғашқы және туынды; өзіндік және заттық.
- Дәлелдемелердің жіктелуі дегеніміз — дәлелдемелерді ұқсас белгілеріне байланысты топтауды айтамыз. Жіктеу арқылы біз дәлелдемелерді бірыңғай жүйеге келтіреміз. Бөлу дәлелдемеге тиесілі бір маңызды белгісі негізінде жүзеге асырылады. Бөлу жүргізілген белгі теорияда жіктеу негізі деп аталады.
- Дәлелдемелерді жіктеу бірге осы дәлелдемелерді тереңірек зерттеуге, белгілі бір топқа жататын дәлелдемелерді шындыққа қол жеткізудегі маңызын, немесе осал жақтарын білуге мүмкіндік береді.
- Дәлелдемелерді жіктеудің негізі болып әртүрлі белгілер болуы мүмкін. Мысалы дәлелдемелердің мазмұнына байланысты, немесе процессуалдық формасына байланысты, соттық бағалау нәтижесіне байланыты т.б. әртүрлі негіздерге байланысты бөлуге болады¹⁶.